

«Бекітемін»
«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№1 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақшасы» МКҚК-ның
менгерушісі
Г.Ж.Барикова
« 28 » 08 2025 жыл



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№1 Күншуақ бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2025-2026 оқу жылындағы «Ақбөбек» мектепалды тобына
арналған ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

2025-2026 оқу жылы

2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналар жұмыс жоспары

Мақсаты: Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын артыру. Баланың мейрімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру

№		Мерзімі	Өтілу әдісі
1	«Ата-анамен балабақша бірлестігі» 1. Танысу сәті психологиялық тренинг 2.Ата-аналарды жаңа оқу жылымын таныстыру 3.Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлау 4.Ата – аналарды балабақша ережесімен ,тәртібімен таныстыру.	Қыркүйек	Жиналыс
2	1. Оқу-тәрбие жұмысындағы І тоқсанның балалардың алған білімі мен кемшіліктері. Мониторинг. 2. «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесі. 3. Ата-аналарға арналған тест	Желтоқсан	Кеңес
3	1. Қорытынды ата-аналар жиналысы. Жыл қортынды есебі. 2. Жазғы сауықтыру іс-шаралары туралы.	Мамыр	Жиналыс

2. Ата-аналарға кеңес

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ата – аналарды балабақша ережесімен ,тәртібімен таныстыру. Жаңа оқу жылы кестесі, болатын іс шаралар туралы айту. Балабақшадағы баланың киімі	Қыркүйек	Тәрбиешілер:
2	Қысқы қауіпсіздік ережелерін сақтау.Тұмау басқа да аурулардың алдын алу.	Желтоқсан	Тәрбиешілер: Медбике(баяндама) Манаубаева.Б

3.Ашық есік күндері

№	Жұмысмазмұны	Мерзімі	Жауаптыадамдар
1	«Күз-береке бастауы!» атты ата – аналар мен біріккен қол өнер көрмесі.Аналар мектебі ұйымдастыру бойынша «Отбасылық шебер»	Қазан	Тәрбиеші: Машарик.К.Қ
2	«Жаңа жыл-жаңа бақыт»мерекелік ертеңгілікке дайындық. Ата – аналармен ойын аланында қардан мүсін жасау. Әкелер мектебі ұйымдастыру бойынша.	Желтоқсан	Тәрбиеші: Асанова.Л.М
3	«Біз не үйрендік?» жылдық қорытынды. Ұйымдастырылған іс-әрекет	Мамыр	Тәрбиеші: Асанова.Л.М Машарик.К.Қ

МКҚК "№1 Күншуақ бөбекжай-балабақшасы"

Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: «Балабақша мен ата-ананың бірлестігі»

Өткізілген күні: 3 қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны:

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері мен балабақшаға баратын балалардың ата-аналары

Жиналысты жүргізген: Топ тәрбиешісі Асанова.Л.М

Хатшы: Машарик.К.Қ

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысымен таныстыру
2. Балабақша мен отбасының серіктестігі: тәрбиелік мәні
3. Балаларға арналған күн тәртібі мен оқу-әрекеттерінің мазмұны
4. Тәртіп, қауіпсіздік және денсаулық сақтау талаптары
5. Тамақтану ерекшеліктері мен ата-ананың ролі
6. Ата-аналар комитетін сайлау
7. Ата-аналардан кері байланыс, ұсыныстар мен пікірлер

Жиналыс барысы:

1. Жиналысты ашу

Жиналысты топ тәрбиешісі ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, балалардың амандығын, сәтті бейімделуін тіледі.

2. 2025-2026 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

Жаңа оқу жылында жүзеге асатын тәрбие-білім беру жұмыстары туралы баяндалды.

2025-2026 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

Жаңа оқу жылында жүзеге асатын тәрбие-білім беру жұмыстарының мазмұны таныстырылды.

Тәрбиеші Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған

Мемлекеттік стандартына сай жүргізілетін іс-әрекеттердің бағыттарын атап өтті:

Баланың коммуникативтік қабілеттерін дамыту;

Танымдық қызығушылықты қалыптастыру;

Эстетикалық және шығармашылық ойлауды жетілдіру;

Қозғалыс белсенділігі мен денсаулығын нығайту;

Әлеуметтік дағдыларды дамыту. Мемлекеттік стандартқа сәйкес жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттер (ҰІӨ) тізбесі таныстырылды:

- Қоршаған әлеммен танысу
- Сауат ашу негіздері (мектепалды топтарға)
- Құрастыру
- Музыка
- Сурет салу
- Дене тәрбиесі
- Математика негіздері
- Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет
- Қазақ тілі
- Құрастыру
- Жапсыру
- Мүсіндеу

3. Балабақша мен отбасы – серіктес

Отбасы – баланың алғашқы тәрбие ортасы екені айтылып, балабақшамен тығыз байланыс орнату қажеттігі түсіндірілді.

Тәрбиеші ата-ананың роліне тоқталып, отбасылық тәрбиенің балабақшадағы біліммен

ұштасуы қажет екенін атап өтті.

Бірлескен жұмыс бағыттары ретінде:

- Ашық ҮІӨ қатысу,
- Шығармашылық жобаларға ата-аналарды тарту,
- Ұлттық мерекелерге қатысу,

4. Күн тәртібі мен тәртіп ережелері

Баланың денсаулығы мен дамуында күн тәртібінің сақталуы аса маңызды.

Тәрбиеші күн тәртібімен таныстырды:

- Таңертеңгі қабылдау
- Таңғы ас
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттер
- Серуен
- Түскі ас
- Ұйқы
- Дербес әрекет
- Серуен
- Кешкі ас
- Үйге қайту

Тәртіп ережелері:

- Баланы 08:00-ден кешіктірмей әкелу;
- Науқастанған баланы әкелмеу (дәрігер анықтамасы міндетті);
- Балабақша ережелеріне бағыну;
- Үйден ойыншық немесе тәтті әкелмеу.

5. Денсаулық және қауіпсіздік

Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі – басты назарда.

Мекемеде санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталады:

- Топ бөлмелері күнделікті кварцталып, желдетіледі;
- Ыдыстар мен төсек-орындар үнемі зарарсыздандырылады;
- Балаларға күнделікті таңертеңгі медициналық тексеру (температура өлшеу) жүргізіледі.

Қауіпсіздік шаралары:

- Бейне бақылау жүйесі жұмыс істейді;
- Балаларды тек тізімде көрсетілген тұлғаларға ғана беру;
- Мекеме аумағына бөтен адамдардың кіруіне шектеу.

6. Тамақтану ерекшеліктері

Балабақшада балалар 5мезгіл тамақтанады:

1. Таңғы ас
2. Дәруменді ас
3. Түскі ас
4. Түстенкейінгі ас
5. Кешкі ас

Ас мәзірі балалардың жас ерекшелігіне және санитарлық нормаларға сай жасалған.

Ас мәзірі күн сайын ата-аналар тақтасында ілінеді.

Құрамында дәрумендерге бай, табиғи, отандық өнімдер пайдаланылады.

Ата-аналарға ескерту:

- Үйден тәттілер, газды сусын, чипсы, сағыз әкелуге тыйым салынады.
- Баланың тамаққа тәбеті болмаса, мәжбүрлеу жүргізілмейді.

7. Ата-аналар комитетін сайлау

Жиналыс барысында 2025-2026 оқужылына арналған ата-аналар комитеті сайланды.

Комитеттің негізгі міндеттері:

- Топ ішіндегі жабдықтарды толықтыруға қолдау көрсету;
- Мерекелік шараларды ұйымдастыруға көмектесу;
- Мұқтаж отбасыларға қолдау көрсетуге атсалысу.

Сайланған комитет мүшелері:

- Төрайым: Избасканова Дания
- Мүшелері: Некрасова Дана, Диярова Жансая

8. Ата-аналардан кері байланыс, ұсыныстар мен пікірлер

Ата-аналар белсенділік танытып, өз пікірлерін ортаға салды:

- Топқа қосымша ойыншықтар мен кітаптар алу ұсынылды.
- Ата-аналармен бірге өткізілетін "Ашық есік күні", "Наурыз думан", "Алтын күз" мерекелік кештерін жоспарлауға ұсыныстар айтылды.
- Серуен алаңын көркейту жұмыстарына ата-аналар көмектесуге дайын екенін білдірді.


Қабылданған шешімдер:

1. Оқу жоспарына сәйкес барлық бағыттағы оқу-тәрбие жұмыстарын уақытылы ұйымдастыру.
2. Ата-аналармен бірлескен жобалар, мерекелер, ашық есік күндерін өткізу.
3. Балалар қауіпсіздігін сақтау мен санитарлық талаптарды қатаң бақылауда ұстау.
4. Ата-аналар комитетінің белсенділігін арттыру.

Жиналыс төрайымы: Асанова Л.М

Хатшы: Кенжалнева С.А

Асанова Л.М
Кенжалнева С.А




МКҚК «№1 Күншуақ бөбекжай-балабақшасы»

Ата-аналар жиналысы


«Балабақша мен ата- ананың бірлестігі»

2025-2026 оқу жылы



Күн тәртібі:

- 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысымен таныстыру
- Балабақша мен отбасының серіктестігі
- Күн тәртібі мен оқу іс-әрекеттері
- Тәртіп, қауіпсіздік және денсаулық сақтау
- Тамақтану ерекшеліктері
- Ата-аналар комитетін сайлау
- Ұсыныстар мен пікірлер



Оқу-тәрбиеләу үрдісінің ерекшеліктері



Зияткерлік дамуы

- ✧ Қоршаған әлемді бақылайды және зерттеу қызметіне қызығушылық танытады
- ✧ Әр түрлі материалдармен, конструкциялармен, бейнелеу қызметінің түрлі техникаларымен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген
- ✧ Өз қаласын (ауылын), елін және оның астанасын атайды
- ✧ Ата-анасының Т. А. Ә., олардың жұмыс орны
- ✧ Жыл мезгілдерін, айлар мен аптаның күндерін біледі
- ✧ 10 га дейін және кері санауды біледі
- ✧ Заттарды маңызды белгілері бойынша біріктіреді
- ✧ Суреттен ауызша әңгіме құра алады
- ✧ Сөйлеу ағымында берілген дыбысты қалай бөлектеу керектігін біледі
- ✧ Заттарды ұқсастық бойынша байланыстыра алады, геометриялық фигураларды біледі
- ✧ Кеністіктік ұғымдарды ажырата біледі

БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ДАЙЫНДЫҒЫ Әлеуметтендірілген Коммуникативті Тәуелсіз

МЕКТЕПKE ФИЗИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

- ✧ Физикалық белсенді
- ✧ Салауатты әдеттердің пайдасын біледі
- ✧ Мәдени-гигиеналық рәсімдерді орындайды
- ✧ Салауатты өмір салты туралы қарапайым идеялары бар
- ✧ Қимылды ойындар ойнайды
- ✧ Қозғалыс моторикасы, қолдың ұсақ моторикасы дамиды

ӘЛЕУМЕТТІК- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

- ✧ ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас құралдары мен өзара әрекеттесу тәсілдеріне не ата-анасымен, достарымен, туыстарымен қарым-қатынаста құрмет көрсетеді.
- ✧ жақындарына,
- ✧ айналасындағыларға, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты көрсетеді




Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған
Мемлекеттік стандартына сай жүргізілетін іс-
әрекеттердің **бағыттары:**

Баланың коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
Танымдық қызығушылықты қалыптастыру;
Эстетикалық және шығармашылық ойлауды
жетілдіру;
Қозғалыс белсенділігі мен денсаулығын нығайту;

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер (ҰІӘ) тізбесі

- Қоршаған әлеммен танысу
- Сауат ашу негіздері (мектепалды топтарға)
- Құрастыру
- Музыка
- Сурет салу
- Дене тәрбиесі
- Математика негіздері
- Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет
- Қазақ тілі
- Құрастыру
- Жапсыру

Мүсіндеу



БАЛА-ӨЗ ОҚУЫНА ҚАТЫСУШЫ

ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ:

- Физикалық
- Коммуникативті
- Танымдық
- Шығармашылық
- Әлеуметтік-эмоционалды


Баланың тұтас дамуы


Ойын-жетекші қызмет



ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ:

қарапайым математикалық
көріністерді қалыптастыру
сөйлеуді дамыту және
кітапқа деген
қызығушылықты ояту
Әлем және зерттеу қызметі
туралы білім
дене белсенділігі
Жобалау
Музыка
Шығармашылық
ойын





АТА-АНАЛЫҚТЫ СЕЗІНУ



ОТБАСЫ ТҰТАСТЫҒЫ



АТА-АНА ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ДАМУ,


АТА-
АНАЛАРМЕН
СЕРІКТЕСТІК



Ата-аналар
жиналысының түрін
ауыстыру




Отбасын қосарланған
процеске тарту



КІТАПҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

КІТАП БҰРЫШЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- кітап бұрышын толтыру үшін ата-аналарды тарту
 - үйге біраз уақыт кітап беру
 - буккроссингті ұйымдастыру
- ата-аналар мен балалардың кітап бұрышын бөлісуіне жағдай жасау





Тәртіп ережелері:

Баланы 08:00-ден кешіктірмей әкелу;
Науқастанған баланы әкелмеу (дәрігер
анықтамасы міндетті);

- Балабақша ережелеріне бағыну;
- Үйден ойыншық немесе тәтті әкелмеу.

Денсаулық және қауіпсіздік:


Баланың денсаулығы мен қауіпсіздігі – басты
назарда.

Мекемеде санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң
сақталады:

- Топ бөлмелері күнделікті кварцталып,
желдетіледі;
- Ыдыстар мен төсек-орындар үнемі
зарарсыздандырылады;
- Балаларға күнделікті таңертеңгі
медициналық тексеру (температура өлшеу)
жүргізіледі.

Қауіпсіздік шаралары:

- Бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді;
- Балаларды тек тізімде көрсетілген
тұлғаларға ғана беру;
- Мекеме аумағына бөтен адамдардың
кіруіне шектеу.



. Тамақтану ерекшеліктері

Балабақшада балалар 5 мезгіл тамақтанады:

1. Таңғы ас
2. Дәруменді ас
3. Түскі ас
4. Түстен кейінгі ас
5. Кешкі ас


Ас мәзірі балалардың жас ерекшелігіне және санитарлық нормаларға сай жасалған.

Ас мәзірі күн сайын ата-аналар тақтасында ілінеді.

Құрамында дәрумендерге бай, табиғи, отандық өнімдер пайдаланылады.

Ата-аналарға ескерту:

- Үйден тәттілер, газды сусын, чипсы, сағыз әкелуге тыйым салынады.
 - Баланың тамаққа тәбеті болмаса, мәжбүрлеу жүргізілмейді.
-



«Бекітілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: Барикова Г.Ж.

Танысу сәті

(Психологиялық тренинг)

Дайындаған: Сәрсенбаева Г.З

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату.

Міндеттері: Ата-аналардың мектеппен, педагогпен тығыз байланысын арттыру, балаларын білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу саласының аз да болса жоғарылауына ықпал ету.

Қажетті құрал-жабдықтар: Үлестірме қағаздар, А4 формат, қалам, доп, ватман, маркерлер және т.б.

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, тест, психологиялық жаттығулар.

ТРЕНИНГ БАҒДАРЛАМАСЫ:

1. «Танысу» жаттығуы;
2. Топқа бөлу;
3. Ой жинақтау;
4. Ситуациялық сұрақтар;
5. «Үй, жол, жылан, бокал, шалбар және орамал» диагностикасы;
6. «Ашық айтсам...» жаттығуы;
7. Рефлексия;
8. қорытынды.

ТРЕНИНГ БАРЫСЫ:

Психолог сөзі: Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Бігінгі біздің «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» атты тренинг-сабағымызға хош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі – баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

Баланы жастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қадірден жүрдай қасқа боп,

Кеіккенің өмір босқа тек. – дегендей, баланың ыстық суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана.

1. «Танысу» жаттығуы:

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып, әрқайсысы өзінің есіміне сын есім қосып және өз бойындағы 1 қасиет кезекпен айтып шығады.

Талқылау: Қандай әсер алдыңыздар? Не қиындық келтірді.

2. Топқа бөлу:

Ата-аналар сол тұрған күйлерінде түрлі-түсті гүлдерді тандайды. Түстер бойынша топ құрып, үстелдерге жайғасып отырады.

3. Ой жинақтау:

Үш топқа тақырып беріледі.

Ата-аналар сол бойынша өз ойларын ортаға салады.

I-топ. Баланың сапалы білім алуы үшін ата-ана тарапынан жасалатын жағдайлар.

II-топ. Балаларды теріс әрекеттері үшін жазалаудың түрлері.

III-топ. Бала үшін мұғалім мен ата-ана арасында қандай байланыс болу керек.

4. Ситуациялық сұрақтар:

Ата-аналар үстел үстіндегі үлестірме қағаздарды бөліп алып, сұрақтарға жауап береді.

1. Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?
2. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер. 5 жастағы бала күніне көптеген сұрақ қоятын көрінеді. Мысалы, түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да осындай сауалдарды көп қойса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ әлде, елеусіз қалдырасыз ба?

3. Балаңыз мектептегі бір мұғаліммен тіл табыса алмай жүр. Балаңызға қандай кеңес айтасыз?

«Үй, жол, жылан, шалбар және орамал» диагностикасы

Ата-аналарға мынандай ережелерді қадағалап отырып сурет салатындығы ескертіледі:

- Бұл жұмыста Сіздер өз бейсаналарыңыздың хатшысы іспеттес боласыздар, сол себепті де еш ойланбай, қорықпай, берілген тапсырманы тездетіп орындауға тырысыңыздар.
- Сурет салу тапсырылғанда, «Қалай саламын? Суреттер қандай болу керек?» деп сұрауға болмайды: өз қалауларыңыз бен шешімдеріңіз бойынша салу керек.
- Суреттерді тез салу керек, өйткені оларды салуға уақыт өте аз беріледі.
- Суреттерді салғанда, басқалардың суреттеріне қарауға болмайды.

Осыдан кейін ата-аналарға үй, жол, жылан, шалбар мен әйелдердің басына тағатын орамалды кезекпен салуға тапсыру керек: әр затты салуға мейлінше аз уақыт беріп (5-10 сек), ата-аналарды асықтырып, жұмыстарын жеделдетіп отырған жөн.

Ата-аналар салынып біткен суреттерін бір-біріне көрсеткеннен кейін, оқытушы олардың мынандай мағына білдіретіндігін айтады:

Үй – адамның өзін-өзі бағалау деңгейін көрсетеді.

Үйдің суреті кең әрі биік болса, онда бұл ата-ана өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары деп есептеуге тұрарлық.

Үйдің есік-терезелері бар болса онда бұл студент – қарым-қатынасқа ашық адам.

Үйдің есігі ашық болып немесе оның тұтқасы бар болатын юолса, бұл жәйт ата-ананың қонақжай екендігін білдіреді.

Жол – адамның қарым-қатынасқа қандай деңгейде араласатындығының айғағы.

Жол кең, әрі үйдің есігінен басталатын болса, бұл адамның қарым-қатынасқа бейім және қонақжай екендігін көрсетеді.

Жол тар немесе үйдің қасынан (үйге бұрылмай) өтіп жатса, онда бұл жәйт адамның қарым-қатынасқа оңай кірісіп кетпейтіндігін білдіреді.

Жылан – «Басқа адамдардың мен туралы пікірі қандай?» деген сұраққа өзіңіздің қалайша жауап беретінінің айғағы.

Жылан үй жаққа қарап тұрса әрі оның айрық тілі аузынынан көрініп тұрса, онда Сіз «Басқалардың мен туралы пікірі жақсы емес: олар күні бойы мені жамандаудан басқа іспен айналыспайды екен» деген ойдасыз.

Жылан үй жаққа қарап тұрмаса, онда, онда Сіз «Басқалардың мен туралы ойы жаман емес» деген ұстанымдасыз.

Шалбар мен орамал – ата-аналардың түсінігіндегі ер адамдар мен әйелдердің дәрежесін көрсетеді.

Шалбардың суреті орамалдан биік тұрса, онда ата-ана өмірде ер адамды әйелдерден жоғары санайды деген сөз.

6. «Ашық айтсам...» жаттығуы; қорытынды:

Ата-аналарға төмендегідей бланкілер таратылып, толтырылады.

Сабақтың жүргізілген күні _____

Менің тренингтік есімім _____

Менің тренинг барысында түйгенім _____

_____ Бәрінен де
маған мына жаттығу ұнады _____ Жүргізушіге
ұсыныс _____

Қолы _____

7. Рефлексия:

8. Қорытынды:

Ата-анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі.

Көңіліне көп жасұбаныш,



Гүлденіп ой-өлкесі, — деп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт-арманы тек


перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық. Адам да өсімдік сияқты, күтілмесе жайнап өспейді дейді.

Сондықтан да мына жайттарды есімізде ұстайық.

1. Балаға жан және дене өзгерістерінің байланыстарын табуға көмектесу.
2. Балаға маман тарапынан тағылған мін, ескертулерді шын пейілмен түсіну және түсіндіру.
3. Баланы ағза қызметінің қалыптасуымен мұқият таныстыру.

Ата-аналарға кеңестер





1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қанишалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.

6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.

бала тәрбиесі, бала, ата аналарға кеңестер, пайдалы кеңестер, ата аналарға кеңес

7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.

8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.

9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.

10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.

11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.


12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.


13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.

14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.




Ата-анаға айтылар ұсыныс






«Баланы 5-ке дейін патшадай көтер,
15-ке дейін құлындай жұмса,
15-тен кейін досындай сыйла»

1. Бала тәрбиелеу - бесіктен басталады. Ендеше оған әрдайым көңіл бөліп, сергек қараңыз. Қателігін зекіп, ұрысып немесе ұру арқылы түзетуге тырыспаңыз.
2. Таңертен сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үніңіз бен күлкіңіз-ақ ұйқысын ашуы тиіс.
3. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да бол» деп айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
4. «Бұзық болма», «Қисаландамай тыныш жүр», «Бүгін 2 алсаң құртамын» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік жасаныз.



5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балаңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз.
6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады.
7. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып, сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі - сабаққа әзірленудің сәтті кезі.
8. Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.
9. «Егер сен осы сабақты орындамасаң» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз.
10. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып, әңгімелесіп тұрыңыз.




11. Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.


12. Егер балаңыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз.


13. Өз балаңызды дос санаңыз: білімін толықтыруға көмектесіп, жақсы ісін бағалай біліңіз. Шамамен тыс қатал, керісінше тым көңілшек болмаңыз. Нақты шешім ғана баланы қателесуден сақтандырады.

14. Отбасыңыздағы ұрыс-керіс балаңыздың жүйкесін жұқартады. Баламен бірге отырған әсердеқұпиялы әңгімен айтпаңыз.




15. Балаңызға уәде берсеңіз орындаңыз.
Кемшілікті байқамауға тырысыңыз.
Баланың көзінше өзгені сынамаңыз.
16. Тәрбие ісінде өзіңіздің жауапты
екеніңізді ұғыптаңыз, баланың өтінішін
үнемі орындай бермеңіз.
17. Баланы өзгелерге де көмектесіп тұруға
баулыңыз. Оған шыдамды болуды
үйретіңіз.






Адам баласы-өмір бойы психологиялық көмекке
зәру болмақ. Әсіресе, оның нәрестелік, сәбилік,
балалық шақтарында, тіпті ауадай
қажеттілік деп айтсада болады. Бірақ, біз өмір
сүрген бұрынғы қозамда, адамның психикасын
тәрбиелеуге еш уақытта мән берілген емес.

Соның салдарынан балабақшаларда да,
мектептерде де, тіпті жоғары оқу
орындарымен адамның қызмет істейтін
орындарында да, адамның психологиялық
тәліміне көңіл аударылмады. Мұндай
надандылықтың адамдарға тарттыратын
азабыда аз емес. Осындай қалыс тәрбиенің ауыр
кемшіліктерін ескере отырып, азды-көпті
психологиялық көмектің қасиеттеріне
тоқталуды жөн көрдік.






Психологиялық көмектің бағыттары.

Бала атаулының бойында біртіндеп қалыптасатын невроздың негізгі себепкері, жалпы бала тәрбиесінен хабары шамалы, ал бала психологиясы дегенді естіп көрмеген ата-аналардың үкімі де сорақылыққа толы қатыгездіктерінен екенін ашып айтқымыз келеді. Олардың көпшілігі бала тәрбиесінің қиын да қызық сәттерін іздеп үйренудің орнына, тек жазалау, қорқытып-үркітумен ұстағанда білетіндіктерімен шектелетіндіктері белгілі. Тіршілік тартысына енді келген сәбилер үшін, бұл аттап өте алмастай ауыр күйзелістерге апарады. Айма берсе үлкендер тарапынан болатын дөкерде дөрекі қылықтар толып жатыр.


Ең бірінші психологиялық көмектің бағдары-осындай жағдайларға тап болған балалардың ауруға шалдыға бастаған психикасын сауықтыру болып табылады.






Екінші бағыт-тез арада ата-аналар мен балалар тәрбиесіне қатысты үлкендердің арасында жүргізілетін психологиялық көмекті айтуға болады. Мұның өзіне тән әдістері де толып жатыр. Үлкендерге бала психикасы жөнінде түсінік беру, оны мұқалтпаудың маңызы жайлы, психологиялық тәрбиелерді үйретудің жолдарын-кітаптардан, кинофильмдерден-тереңдей талдап көрсету арқылы. Ата-аналар мен үлкендердің бала тәрбиесіндегі қатыгездіктен тыйылуын талап ету.


Осылайша, жас баланың психикасындағы ауыр өзгерістер мен қорқыныштардан туындайтын, оның жан дүниесіндегі жапа шегушіліктің зардабымен қатаң және жедел күресу керек. Әрине, бұл жағдай ата-аналардың көпшілігі білмегендіктен істейтінін де ескеру керек.






Жалпы бала психологиясына белгілі психикалық ауыр әсерлердің түрлерін атап өтсек: бірінші, баланың жігерін жасытатын үкімді баға беру (мысалы, «Сен ойнай білмейсің», «сен дұрыс сөйлей алмайсың» деген сияқты кесімді ұғымдардың әсері жаман). Осыдан кейін, баланың тауы шағылып, талабы қайтып қалатындығы анық. Тіпті, бұдан былай оған сөйлеудің де, ойнаудың да қиындай беретіні рас. Сәбилерді үнемі көтермелей жетелеп тәрбиелеудің психикалық мәні зор.


Екінші сәт, баланың істеген әрекеттеріне терісте зілді баға беру мен қоса, оның жеке басының намысына тиетін сөздер айту. Мәселен, «Сен ойнай білмейтініңмен қоса, мақтаншақсың, өтірік мақтанасың» деудің әсерімен, баламын жан дүниесін әбден жаралауға болады. Сондықтан да, баланың іс-әрекетін дұрыс бағаламау, төмендетіп бағалау арқылы, оның қалыптасу қаблетін тұтылдыру мен қоса, ұстамдылығымен парасатына да қаяу түсіреді.






Мұндай әрекеттер баланың өміршең талпыныстарын бірден тоқтатып, тіпті тіршілігінде жсиреніп кетуі мүмкін. Ол алдындағы армандарын да сенімдерін де жоғалта бастайды.

Үшінші бір ыңғайсыз сәт, басқа бір баламен салыстыра бағалаудағы жсіберілетін әділетсіздік. Мұндай әрекеттер арқылы, баланың бойында қызғанушылық өзімшілдікті қалай сіңіріп алғандарын да байқамай қалады. Міне, тәрбиедегі психологиялық әдістерді білмеудің салдары осындай аса қиын жағдайсыздықтарға әкеп соғады екен. Бұл бала тәрбиесіндегі кезек күттірмейтін мәселе дегіміз келеді.





Психологиялық түзету.

Адам баласы өзінің тіршілік сұмыры ұзақ па, әлде қысқа ма бәрі бір, оның биологиялық және психикалық қуат күшінің аса мол қоры, сонау нәресте кезінен бастап жинақталуға тиісті.


Ондай мол қуат бала болмысында, еркін де жасқанбай жігерлі өскенде ғана жетілмек. Ата-ананың қайырымы да, төзімді тәрбиелерінің арқасында, баланың көңіл-күйі мен түйсік сезімдерінің қанағаттануы ғана емес, сонымен қоса оның интеллектісінің де еркін дамуына мүмкіндік алады. Түсініскен ортада тәрбиеленген балаларда ғана аса төзімді де жігерлі психика қалыптасатыны белгілі. Жоғарыда айтылғандай, сәби шағынан психикасы қатты дөрекіліктерге ұшырап, үлкен зардап шексе, ондай балалардың психикасын орнына келтірудің өзі өте үлкен қиындықтарға соқтырады. Тіпті ондай балалардың көпшілігі неврологиялық клиникаларда жатып емделеді. Жалпы, мұндай балаларға психологиялық түзету жасаудың жолы, қанша ауыр болғанмен де, әр түрлі әдістерді қолданып көмекке келмеуге болмайды.

Сонда, ең әуелі мұндай жағдайда не істеу керек? Бәрінен бұрын баланы ұсайында қалдырған-ақсөн.





Әрине мұндай кеңес, ата-ананың көңілін алақұйын етіп, не істерін түсінбей абдыратары да тіпті көңілдері қалғандай өкпе-наздарын да айтқызбақ. Бірақ, басқа шара жоқ. Егер, тән құрлысы жарақаттанса, оны тыныштандырып жатқызуды ата-ананың өзі де біледі. Осы тәрізді жан дүниесі жарақаттанған балаға да керегі тек белгілі уақытқа дейін тыныштық екенін түсінуіміз керек. Үлкендер жағы өзінің қателіктерін дереу мойындаумен қоса, мұндай сәттегі тәрбие берудің әдістерін үйренгенше, баланы тыныш қалпында қалдырғаннан артық шара жоқ. Міне, осы қателігін өзгертуі-психологиялық өзгертудің пәрменді бір тетігі болып табылады. Әрине, мұндай бет бұрыс ата-анамен тәрбиеге қатысы бар үлкендерге де оңай емес. Бірақ баланың келешегі үшін ешқандай мәймөнкесіз, дереу ұстамдылық пен мейрімділікке ауысу қажет. Ендігі жерде бала мен ата-анасының түсініскен достық қатынастары ғана істің жайын аңғарта алады.







Осының бәрін табиғи қалыпта дамытуды ескерген жөн. Әйтпесе, көсеудің екінші жағын басып қалған тәрізді, тағы да маңдайыңа аяусыз соққы тиюы ғажайып емес. Сондықтан, бала тәрбиесіне жас қосылған ата-аналар кәдімгідей ақ дайындалмай болмайды. Шындап келгенде, адам тәрбиесінің қыр-сырынан қиын өнердің болуы мүмкін емес. Оның қажеттігін қаблетіңе қарай емес, таныстауына қажет ауадай міндетті түрде иеленуің керек.



Психикалық зардап шеккен балаға психологиялық түзетулер жасаудың кейбір жолдары:

1. Баланың міндетті түрде тәрбиелеу керек. Ал, жаңа көз қараспен тәрбиелеу үшін, үлкендер жағы өздерін тексеруі қажет. Баланың келешегіне қажетті ендігі тәрбие, соншама үлкен тазалықты талап етеді.
2. Егер үлкендер жағы, өзін-өзі баланың ыңғайына қарай өзгерте алмаса, ары қарай баланы тәрбиелеуден өз ықтиярымен бас тартқаны жөн.
3. Ешқандай күш көрсету тәлімін жүргізуге болмайды. Бұл баланың келешегін сындыру мен құрту деген сөз.
4. Үлкендердің қатандығы мен қатыгездігі арқылы баланы жасытып жөндемеймін деу, барып тұрған надандық.
5. Тек қана мейірім мен сүйіспеншілік, екі жақтыда адамдық сипатқа жеткізетінін ұққан жөн.







6. Психологиялық түзету жүргізетін кезеңнің бәрін де басынан бастап, тек қана төзімділік керек! Тәрбиелік іс-әрекет үстінде-сабырды ілтипат, салқынқандылық, ұстамдылық қажет.

7. Баланың саналы түсінігіне сенім көрсете отырып, өзара қарым-қатынастың жетістігі дәлелді де мазмұнды болғаны дұрыс. Жеткен жетістіктер әділетті бағаланғаны мен, тым асыра мадақтаудың да орнын алмауын қадағалау керек есте болсын. Артық айтқан мақтау сөз, ешқашанда жақсылық әпермейді.

Бұдан да басқа көптеген тәсілдердің болуы мүмкін. Біз жас ұрпақ тәрбиесінде белең алып отырған психикалық зардапты түзетудің кейбір жолдарын ғана айттық.





Психогигиена өмір талабы.


Қазіргі тұрмыс тіршілігімізде, әсіресе тұрмыстық жағдай да, эмоциялық дауылдар мен әлеуметтік және педагогикалық кереғарлықтар тым көбейіп кетті. Осыдан келіп, баланың психикалық зардап шегушілігіне ұшыраудамыз.

Мұндай жұлын-жүйкенің тозуы мен жан дүниенің жарақаттануын ескермесе болмайды. Ол үшін ең әуелі үлкендердің де, кішілердің де өзара қарым-қатынастарындағы үндестікке ұмтылып, оны сауықтыру мен тәрбиелеу жолдарының пәрменді тәсілдерін қарастыру ауадай қажет. Бұл әлеуметтік те, мемлекеттік те, аса үлен жұмыс?! Ескі тәртіппен көз жұмбаққа салуға келмейді.

Қоғамдағы осындай жан-дүниенің зардабынан көмекке келер ілім-жалпы гигиенаның бір бұтағы болып жетілген-психогигиена.

Психогигиенаның күнделікті өмірде кең тараған түрі-адамдардың қарым-қатынасындағы психогигиенаны ерекше атап айтқан жөн.

Қарым-қатынастағы психогигиена-үлкен мен кішінің, еркек пен әйелдің, ата-анамен баланың, туыс пен туғанның, көрші мен ауылдастың, т.с.с айта берсе толып жатыр, осы айтылған қарым-қатынастардың өмірдегі көрністері сан алуан сапада кездесе береді.






